

ӘКІМШІЛІК КЕДЕРГІНІҢ ЖОЙЫЛУЫ 22 ҚЫЗМЕТ АЛУШЫҒА КӨМЕКТЕСТІ

Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің департаменті азаматтардың өтініштеріне мониторинг жүргізу барысында оларға мемлекеттік қызметтерді алуға қиындық келтірген әкімшілік кедергілерді анықтады.

Мәселен, «Жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау» мемлекеттік қызметі жалға алынған жер учаскелерін нысаналы мақсаты бойынша

игерген және оны жергілікті өкілді органдардың шешімдерімен бекітілетін төлемақының базалық ставкалары бойынша сатып алғысы келетін кәсіпкерлер арасында ерекше сұранысқа ие.

Алайда, Целиноград ауданы мен Қосшы қаласында әкімшілік-аумақтық өзгерістер барысында жергілікті өкілді органның тиісті шешімі болмаған, осыған байланысты Мемлекеттік корпорацияның

жергілікті бөлімдері азаматтарға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға мәжбүр болды.

Бұл мән-жайлар өз қызметін дамытуды жоспарлаған, банктерден несие алуға, жер учаскелеріне жеке меншік құқығын ресімдеуге ниет білдірген кәсіпкерлік субъектілері үшін кедергі болды.

Атап өтетін жайт, Қазақстан Республикасы азаматтарының жер учаскелеріне жеке меншікті мемлекеттен сатып алуы, өтініш

берушілердің құқықтарын іске асырумен қатар, жергілікті бюджетті айтарлықтай толықтырады.

Осыған байланысты Департамент Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік корпорацияның филиалына өтініш берушілердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру туралы ақпараттық хат енгізіп, Қосшы қаласы бойынша базалық ставкаларды бекіту қажеттігі туралы мемлекеттік ор-

гандарды хабардар етті.

Нәтижесінде Мемлекеттік корпорацияның Ақмола облысы бойынша филиалының ақпараты бойынша жергілікті мәслихаттар бағалау аймақтарының шекараларын және Қосшы қаласында жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіткеннен кейін 22 азаматқа мемлекеттік қызмет көрсетілген.

УСТРАНЕНИЕ АДМИНИСТРАТИВНОГО БАРЬЕРА ПОМОГЛО 22 УСЛУГОПОЛУЧАТЕЛЯМ

Департаментом Агентства по делам государственной службы по Акмолинской области в ходе мониторинга обращений граждан выявлены административные барьеры, препятствовавшие им в получении государственных услуг.

Так, государственная услуга «Определение кадастровой (оценочной) стоимости земельного участка» особо востребована среди предпринимателей, которые освоили арендные земельные

участки по целевому назначению и желают его выкупить по базовым ставкам платы, утверждаемым решениями местных представительных органов.

Однако в ходе административно-территориальных изменений в Целиноградском районе и городе Косшы, не было соответствующего решения местного представительного органа, в связи с чем, местные отделы Государственной корпорации были вынуждены отказывать гражданам в оказании госу-

дарственной услуги.

Данные обстоятельства стали препятствием для субъектов предпринимательства, планировавших развитие своей деятельности, желавших получить банковские займы, оформить право частной собственности на земельные участки.

Следует отметить, что выкуп у государства гражданами Республики Казахстан частной собственности на земельные участки, помимо реализа-

ции прав заявителей существенно пополняет местный бюджет.

В связи с чем Департамент в Филиал Государственной корпорации по Акмолинской области внес информационное письмо о восстановлении нарушенных прав заявителей, а также уведомил государственные органы о необходимости утверждения базовых ставок по городу Косшы.

В результате чего по информации Филиала Государственной корпорации

по Акмолинской области после утверждения местными маслихатами границ оценочных зон и поправочных коэффициентов к базовым ставкам платы за земельные участки государственная услуга была оказана 22 гражданам.

**По материалам
предоставленным
Департаментом
Агентства РК по делам государственной службы
по Акмолинской области**

«Ақкөл ЭкоСервис» ЖШС жоспарланған іс-шараның бастамашысы ретінде (ҚР, Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Ақкөл қаласы, БСН 130840016625, тел.: +7-701-528-08-25), жобалық құжаттама бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды. « Медициналық және ветеринариялық қалдықтарды орналастыру Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Ақкөл қ., көш. Талғата Бигелдинова 68Г» - шығарындылар стандарттарының жобасы, Экологиялық іс-шаралар жоспары, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы.

Әсер ету аймағы: Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Ақкөл Учаскенің географиялық координаттары: 51°58'26.26 70°57'36.99 (51,582626, 70,573699), 51°58'26.04 70°07'38.05, 51°58'26.58 70°57'38,26 (51,582658, 70,573826), 51°58'26.78 70°57'37.29 (51,582678, 70,573729)

Қоғамдық тыңдаулардың басталатын орны, күні және уақыты: 2024 жылғы 5 тамыз сағат 11.00, Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Ақкөл қаласы, Ақкөл қ., көш. Луганская, 6,

Агротехникалық колледжінің ақталы; (офлайн)

<https://us05web.zoom.us/j/88411988483?pwd=GL1yaQcE9P28KTChJ5z27hFbYn9sz.1> (онлайн конференция), Конференция идентификаторы: 884 1198 8483 Қол жеткізу коды: Fhu40e. Қоғамдық тыңдаулар кезінде бейнеконференцбайланысты ұйымдастырудың техникалық мүмкін екенін растаймыз.

Мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеуші Қоршаған ортаны қорғау министрлігі берген 2008 жылғы 15 мамырдағы № 01224Р мемлекеттік лицензиясы негізінде жұмыс істейтін «SAiS ecologi-nedg» ЖШС болып табылады. Занды мекенжайы: Ақмола облысы, Көкшетау қ., көш. Әуелбекова 139, өшірулі. 521, телефон: +77162335704, +77716071253, электрондық пошта. мекенжайы: eco_ofis@mail.ru. БСН 070140001360

Бірыңғай экологиялық порталға сілтеме: <https://ecportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex> Жобалық құжаттама электронды түрде орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>.

aqmola-upr?lang=ru.

Жоспарланған іс-шаралар туралы қосымша ақпаратты алуға болатын электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: eco_ofis@mail.ru; тел.: +77716071253.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы және пошталық мекенжайы: «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі 020000, Көкшетау қ., көш. Абай, 89; e-mail: natur@aqmola.gov.kz.

ТОО «Ақколь ЭкоСервис», как инициатор намечаемой деятельности (РК, Акмолинская область, Аккольский район, г. Акколь, БИН 130840016625, тел.: +7-701-528-08-25), сообщает о проведении общественных слушаний по проектной документации «Утилизация медицинских и ветеринарных отходов по адресу: Акмолинская область, Аккольский район, г. Акколь, ул. Талгата Бигельдинова 68Г» - Проект нормативов эмиссий, План природоохранных мероприятий, Программа производственного экологического кон-

троля, Программа управления отходами.

Территория воздействия: Акмолинская область, Аккольский район, г. Акколь Географические координаты участка: 51°58'26.26 70°57'36.99 (51.582626, 70.573699), 51°58'26.04 70°57'38.00 (51.582604, 70.573800), 51°58'26.58 70°57'38.26 (51.582658, 70.573826), 51°58'26.78 70°57'37.29 (51.582678, 70.573729)

Место, дата и время начала проведения общественных слушаний: 5 августа 2024 г. 11.00 часов, Акмолинская область, Аккольский район, Аккольская г.а., г.Акколь, ул. Луганская 6 , актовый зал Агротехнического колледжа /; (офлайн) <https://us05web.zoom.us/j/88411988483?pwd=GL1yaQcE9P28KTChJ5z27hFbYn9sz.1> (онлайн конференция), Идентификатор конференции: 884 1198 8483 Код доступа: Fhu40e. Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

Разработчиком документации объектов государственной экологической экспертизы является ТОО «САиС ecologi-nedg», осуществляющее свою деятель-

ность на основании государственной лицензии № 01224Р от 15 мая 2008 года, выданной Министерством ООС. Юр. адрес: Акмолинская область, г. Кокшетау, ул. Ауельбекова 139, оф. 521, тел: +77162335704, +77716071253, эл. адрес: eco_ofis@mail.ru. БИН 070140001360

Ссылка на Единый экологический портал: <https://ecportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex>. Адрес интернет ресурса местного исполнительного органа, где размещена документация по проекту в электронном виде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>.

Адрес электронной почты и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: eco_ofis@mail.ru; тел.: +77716071253.

Адрес электронной почты и почтовый адрес местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения в письменной или электронной форме: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области» 020000, г. Кокшетау, ул. Абая, 89; e-mail: natur@aqmola.gov.kz.

ЖАРНАМА ТІЛІНЕ КІМ ЖАУАПТЫ?

Ақкөлдегі кәсіпкерлік нысандар мен жарнамалық хабарламалар мемлекеттік тілде қаншалықты сауатты ресімделген? Бұл бағытта қандай шаралар қолға алынуда? Тілдің тағдыры кімнің қолында? Кеңейдегі осы сынды сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Қазір қазақ қоғамы нарықтық қарым-қатынасқа көшкен, жер мен көкті жарнама жаулаған заман. Көшеге шықсаң – жарнама, радио қоса қалсаң – жарнама, тіпті, қазіргі кезде басты ақпарат көзіне айналған әлеуметтік желіде отырсаңыз – тағы да жарнама. Осы тұста мемлекеттік тіліміздің ақсап тұрған тұсы – жарнама мен көрнекі ақпарат екені бірден байқалады. Қадам бассаң, көшеде ілүлі тұрған хабарламаның қазақ тілді нұсқасында орфографиялық, стилистикалық, грамматикалық қатені көзің шалады. Бұның себебі, көп кәсіпкерлер жарнама мен көрнекі ақпаратты алдымен орыс тілінде жасайды да, кейін оның аутентикалық жағын ескермей, сөзбе-сөз қазақшаға аударалады.

Жоғарыда айтылған мәселені шешу, тілдік кемсітуге жол бермей, қазақша сауатты жарнамалар мен көрнекі ақпарат санын көбейту мақсатында Ақмола облысының Ішкі саясат басқармасы жыл басында барлық аудандарға жылдық жоспар ұсынған болатын. Жоспар бойынша өңіріміздің барлық сауда, қызмет орындарындағы көрнекі ақпарат пен жарнамалардың Қазақстан Республикасының «Тіл

туралы» Заңына сәйкестігін анықтау мақсатында зерделеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Осы бағытта Ақкөл ауданында қызмет ететін – Тілдерді оқыту орталығы ғана.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының 21 бабына сәйкес, маңдайшалар, хабарландырулар, жарнама, пре-йскуранттар, баға көрсеткіштері, ас мәзірлері, нұсқағыштар және басқа да көрнекі ақпарат мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде орналастырылады. Деректемелер мен көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мынадай ретпен: мемлекеттік тілде - сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде он жағына немесе төменгі жағына орналасады, бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады. Алайда, бұрыннан бергі қолданыстағы Заңда жазылған талаптарды елемейтін кәсіпкерлер қаншама.

Айта кетсек, облыстық жоспарды іске асыру мақсатында Тілдерді оқыту орталығы ай сайын зерделеу жұмыстарын жүргізуде. Қаңтар айында, жоспарға сәйкес, теміржол вокзалы мен қоғамдық көліктерді зерделедік. Нәтижесінде, қаламыздағы жолаушыларды тасымалдайтын автобустардың ішіндегі барлық орыс тіліндегі хабарламалар мемлекеттік тілге аударылып, екі тілде ресімделді. Ақпан айында дәл

осы мақсатпен, өңірдегі ЖШС, АҚ, және жеке кәсіпкерлер нысандарына мониторинг жүргізілді.

Сонымен қатар, ақпан айында аудан әкімдігінің жиналыс залында аудан әкімінің орынбасары С.Қ.Ахмеджановтың төрағалығымен және аудан кәсіпкерлерінің қатысуымен «Қазақстан Республикасындағы жарнамаға қойылатын талаптар» атты жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында Қазақстан Республикасындағы жарнамаға қойылатын жалпы талаптар жайлы нақты тоқталып, жарнама, баннер, көрнекі ақпараттың ҚР Тіл туралы Заңның 21-бабына сай сауатты ресімделуі жайлы сөз қозғалды. Сонымен қатар, тілдерді оқыту орталығының көрнекі ақпарат мәселесіне қатысты 2023 жыл бойы атқарған жұмыстың қорытындысы айтылды. Кәсіпкерлердің назарына интерактивті тақта арқылы мемлекеттік тілде сауатты ресімделген жарнама үлгілері, түзету жұмыстары жүргізілген Ақкөл қаласындағы көрнекі ақпараттар таныстырылды. Жиналысқа қатысқан әр кәсіпкерге заңнама талаптары жазылған ақпарат қағаздарымен бірге әдістемелік көмек ретінде мемлекеттік тілде сауатты ресімделген түбіртек үлгісі де ұсынылды.

Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік туралы да сөз қозғалды. Жиналған қауымға әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің

75-бабында көрсетілген әкімшілік жауапкершілік жайлы ақпарат таныстырылды.

Ақкөл ауданы әкімінің орынбасары Ахмеджанов Саят Қайроллаұлы жиналысты қорытындылау мақсатында «Сауатты жарнама - қала келбеті» тақырыбында сөз сөйлеп, Ақкөл ауданы нысандарындағы көрнекі ақпараттар мен жарнаманың мемлекеттік тілде орналастырылуы міндет сияқты маңызды мәселелерге тоқталды. Нәтижесінде, аталған жиналысқа қатысқан бірқатар кәсіпкерлер өз нысандарындағы тілдерді оқыту орталығының әдістемелік көмегімен хабарламаларды, көрнекі ақпаратты мемлекеттік тілге аударып, Заңға сай ресімдеді.

Наурыз-сәуір айлары бойы тілдерді оқыту орталығы сауда және қызмет көрсету орындарын зерделеумен айналысты. Сонымен қатар, аталған нысандарда бақылау қас-са машиналары арқылы берілетін түбіртектердің (чек) мемлекеттік тілде берілуіне аса назар аударылды.

Мамыр айында дәріхана, маусым айында тамақтану орындары, оның ішінде асхана, мейрамхана мен дәмханалардың ішкі/сыртқы көрнекі ақпараттары, ас мәзірлеріне мониторинг жүріп жатыр.

Жүргізілген жұмыс жайлы ақпарат орталықтың @til_damytu. аккоі Instagram желісінде жарияланып отырады. Сонымен қатар, Тілдерді оқыту орталығында

кәсіпкерлер мен жарнама агенттіктеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында, жарнаманы орнатпас бұрын, оның мәтінін тілдік нормаға сәйкес ресімделуіне байланысты тегін консультация беретін «Жедел желі» құрылды.

Жыл басынан бері бұл бағыттағы жұмысымыздың оң нәтижесі туралы айтып өтсек, түсіндіру жұмыстары жүргізілгеннен кейін, «Хан тәңірі» мейрамханасында ас мәзірі мемлекеттік тілге ауыстырылды, «Шарм» сауда үйіндегі бірқатар дүңгіршектер (буттик), «Керуен» қонақ үйі, «Магнит голд», «Моя мечта» сауда үйлері, «Орда», «Сәлем», «Бақыт» және басқа да нысандардың көрнекі ақпарат пен жарнамалары мемлекеттік тілге сауатты аударылып орналастырылды.

Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын таба бермек. Сауатсыз жарнамамен күреске тек тілдерді оқыту орталығының оқытушылары ғана емес, тілге жанаушы азаматтарымыз да қолдау көрсетсе, нұр үстін нұр болар еді.

Қаламыздың көшелері сауатсыз жазылған жарнамалардан арылсын десеңіз, құрметті жерлестер, сіздер де белсенділік танытыңыз. Тіл туралы Заңның талаптарына сәйкес келмейтін көрнекі ақпаратты көздеріңіз шалса, бей-жай қарап кетпеңіздер!

Гайнель Дюсенбаева, Ақкөл аудандық Тілдерді оқыту орталығының әдіскері